

А.Ж. Абдикадирова*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zharullakizi@mail.ru)

Әлібек Асқаровтың «Бір күн, бір түн» романының этнопоэтикалық сипаты

Мақалада бірнеше ғылымдар тоғысында пайда болған поэтиканың бір саласына жататын этнопоэтика туралы сөз болады. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі өзекті болып табылады, сондықтан автор осы бағытты зерттеуді мақсат еткен және көркем туындыдағы ұлттық ерекшелікті қарастырған. Аталмыш мақалада ұлттық рух, дүниетаным, менталитет, мінез, тәрбие, құндылықтар сияқты мәселелер қамтылған. Сонымен қатар, әдебиеттің ұлттық сипатына қатысты бір-қатар ғалымдардың пікірі берілген. Мақаланың негізінде жазушы Әлібек Асқаровтың «Бір күн, бір түн» романының этнопоэтикалық сипаты айқындалған. Әдеби туындыда кездесетін таза қазақи сөз қолданыстары мен халықтық таным-түсініктің өзіндік ерекшеліктері ғылыми тұрғыда талданған. Шығарманың ұлттық болмысын танытатын этнопоэтикалық сипатымен қоса, заман шындығын бейнелейтін реалистік тұсы да көрсетіледі.

Кілт сөздер: әдебиеттану, әдебиет теориясы, көркем шығарма, поэтика, этнопоэтика, роман, проза.

Kipicne

Әрбір халықтың рухани қазынасы — әдебиеті. Жалпы алғанда, әдебиет ұрпақтан-ұрпаққа мәдениетті, дәстүрді жеткізудің ең негізгі құралы. Ұлттың мінезі, мәдениеті, салт-дәстүрі, ойы — бәрі де оның әдебиетінде көрініс табады. Ал осы белгілі бір әдебиеттің ұлттық ерекшелігін зерттеуі тиіс поэтиканың бір саласы — этнопоэтика. Этнопоэтикаға қатысты зерттеулерді В.Н. Захаров, Г.Д. Гачев, З.П. Табакова, т.б. ғалымдар жүргізді. В.Н. Захаров өз зерттеулерінде этнопоэтиканың аспектісінде ұлттық ерекшелікті қарастырады: «Этно» сөзінен басталатын әртүрлі пәндер арасында сөзсіз тағы біреуі жетіспейді — нақты әдебиеттердің ұлттық ерекшелігін, олардың әлемдік көркемдік үдерістегі орнын зерттейтін «этнопоэтика». Ол белгілі бір әдебиетті ұлттық ететін не екендігіне жауап беру керек» [1; 9].

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық менталдылық, ұлттық код, ұлттық болмыстың зерттелу тарихы тәуелсіздік алғаннан кейін басталады. Ал оған дейін кеңестік әдебиеттануда ұлттық әдебиетке қатысты көп мәселелер бүркемеленіп, идеологиялық қысым нәтижесінде әдебиетке таптық көзқарас тұрғысынан қарауға тырысты. Алайда әдебиеттегі ұлттық болмыстың көрініс табуын зерттейтін этнопоэтика ғылымының өзекті мәселелері еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алынып, зерттеу нысанына айналды. Тек қазақ әдебиетінде ғана емес, орыс әдебиетінде де осындай сипат көрініс тапты. Бұл туралы Н.В. Захаров былай дейді: «Идеологиялық себептерге байланысты кеңестік әдебиеттану орыс әдебиетінің христиан табиғаты туралы үнсіз қалды. Егер сіз кеңес дәуіріндегі мектеп пен университет оқулықтарына сенсеңіз, онда барлық ғасырлардағы орыс әдебиеті мемлекеттік істермен айналысты, ал соңғы екі ғасырда ол революциялық төңкерісті дайындап, жүзеге асырды. Орыс әдебиетінің тарихы кеңестік оқулықтарда мемлекеттің, қоғамның тарихы, таптардың саяси күресінің тарихы ретінде ұсынылды. Әрине, күрес болды, бірақ тұтастай алғанда орыс әдебиеті басқаша, христиандық сипатқа ие болды» [2].

Жаһандану заманында жұтылып кетпеу үшін ұлттық рух, ұлттық тәрбие, салт-дәстүрді сақтау маңызды, бұл тұста ұлттық болмысымызды жоғалтып алмауға әдебиеттің де көмекке келері сөзсіз.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zharullakizi@mail.ru

Зерттеудің деректері мен әдістері

Этнопоэтикаға қатысты зерттеулер Д. Ротенберг, Д. Тедлок, Д. Хаймс еңбектерінен басталатыны белгілі. Мақалада этнопоэтика ұғымын зерттеуші В.Н. Захаровтың, қазақ мифологиясын зерттеген С. Қондыбайдың ғылыми еңбектері негізге алынған.

Зерттеудің негізгі материалдары «Кешегі күннің хикаясы» кітабы мен әдебиеттану ғылымындағы этнопоэтикалық зерттеулер. Осы мақалада жазушы Әлібек Асқаровтың «Бір күн, бір түн» романының этнопоэтикалық сипаты анықталады.

Мақаланың негізгі әдісі көркем шығарманы этнопоэтикалық талдау және этнопоэтизмдерді табу болды. Осындай талдаулар әр ұлттың ерекшелігін әдебиетінен тауып, көрсету үшін қолданылады. Романның этнопоэтикалық сипатын талдау үшін салыстырмалы, сипаттамалық, герменевтикалық әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Әлібек Асқаровтың «Бір күн, бір түн» шығармасында дәуір шындығы суреттелген. Жазушы кейіпкерлері шынайы өмірдің өзінен алынған, оқиғалары барлығымызға етене таныс. Қоғам тынысын танытатын эпизодтар көптеп кездеседі, бұл шығарманың реалистік сипатын көрсетеді. «Реалистік шығарма деп біз өмірді шындыққа жақын бейнелейтін шығармаларды айтамыз» [3; 334].

Роман аты айтып тұрғандай, бір күн, бір түннің ғана оқиғасын қамтыса да сол кезеңнің шындығы ашылады. Туындыда қала өмірі де, ауыл өмірі де суреттеледі. Оқиға бас кейіпкердің әскерді бітіріп, Алматыға келіп жоғарғы оқу орнына емтихан тапсыруынан басталады. «Өз Отаныңыздың тарихын білмейсіз. Масқара!» [4; 7] деп құлатып жіберген қасқа бас профессор есінде қалыпты (сондағы келген сұрағы Иван Болотников көтерілісі болатын). Енді жаңа өмір бастаймын, оқу да, әскер де тамам деп ауылға қайтпақшы болып, автобус аялдамасына келеді. Мұнда 32-автобусты сарыла күткен жұрттың ішінен насыбайшы ағаймен екеуара диалогта қала транспортының жүру кестесіндегі заңсыздықтар, бетімен кеткендік (жүргізушілер домино соғып жатыр) әшкереленеді. Сол ағайдың аузымен айтылатын ащы шындық мынадай: «Қырық құбылған ала құйын заманға тап болдық. Әр кемелдің бір зауалы болатын шығар тегі. Әйтпесе қаншама ұрпақ жалаң батырлыққа салып кеуделерін оққа тосты. Содан не тапты? Бәрінің басы кетті. Біз қалдық, міне, не басшы жоқ, не қосшы жоқ, өңкей әңгүдік. Көшелі сөз айтар көсемге зармыз бұл заманда. Бәріміз рухани қотыр, *сортақым* тобыр боп қалдық. Бір нәрсені көңілге буып, көкірекке түйер жан таба алмайсың...» [4; 11]. Әрі қарай ауылда өскен бас кейіпкеріміз Базарқанның мектептен соң екі жыл комсомол жастар бригадасында қой баққанын айтқан кезде: «Ендеше, інім, біз де сол бір *отар қой* сияқтымыз... Біз жазғанға қойшы көп қой» [4; 12] деп астарлап сөйлеп кеткен ағайдың сөзін жас жігіт мылжыңдыққа саяды. «Солай, бауырым. Менің жасыма келгенде сен де ойшыл болуға мәжбүрсің. Алағай да бұлағай мына заманға қараймын да мен *тамыры шірі бастаған алып бәйтеректі* елестетемін. Ал тамыры шіріген *ағаш* түбінде бір құлайтыны анық!», «Өкініштісі сол ол ағаштың құлағанын біз көрмейміз... Жассыңдар ғой, бәлкім мына сендер көріп қалуларың мүмкін» [4; 12] деген сөздері автордың нені меңзеп отырғанын аңғартқандай (КСРО-ның құлауы). Автобустан түсіп қалған осы ағай басты кейіпкерімізге өзінің ауылындағы мұғалімі «география ағайға» қатты ұқсап кеткендей болады. Курстастарымен теплоходта Жерорта теңізін аралап, Босфор, Эгей, Грекия, Италия, Гибралтар, Испания, Франция, т.б. адамзат өркениетінің алтын бесігі болған жерлердің мәдениетін, тұрмысын, сән-салтанатын оқушыларына мақтанышпен әңгімелеп беретін сол Смағұл мұғалімі аяқ астынан бір-ақ күнде көшіп кеткен, қайда кеткенін ешкім де білмеген (капиталистік елдерді мақтағаны үшін КГБ соңына түсіп, жер аударып жіберген екен). Сол ағайымен кейін вокзалда кездескенде азып, ішіп кеткен түрін көреді. Кеңес еліндегі сөз бостандығы, «демократияның» бір көрінісі деуге болады, тіпті шет елдерді мақтауға да болмайды.

Осындағы «*қойшысы көп отар қой*», «*тамыры шірі бастаған алып бәйтерек*» бізге көп нәрсені аңғартқандай: КСРО — алып ел, 15 одақтас республикалар — отарлары іспетті. Автор мұнда таза қазақи ұғымдар «*алып бәйтерек*», «*отар қой*» сөздерін әдейі қолданған.

Түркі мифологиялық және этнопоэтикалық дәстүрінде «*ағаш*» ұғымына байланысты маңызды белгілердің бірі ағаш жанды бейнеде суреттеледі. Мысалы, Қорқыт ата кітабында «*ағаш*» бірнеше жерде кездеседі. «Қазан-Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырдаң» үзінді келтіретін болсақ: «Ораз: «О, гәуірлер, тәңіріден басқа сенерім жоқ, қасықтай қанымды қиындар. Мынау дар ағашымен тілдесуге пұрсат беріндер», - деді. Сөйтіп, ол қу ағашқа қарап, дауыстап сөйлей бастады. Тыңдаңыз, хан ием, ол не айтқан екен: «Атың ағаш десем, шамданба, ағаш! О, Мекке мен Мәдиненің есігі болған

— ағаш! Құдаймен тілдескенде, Мұсаның асасы болған ағаш! Үлкен дарияларға көпір болған — ағаш! Қара теңізге қайық болған — ағаш! Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған ағаш! Зұлпықарға сап болған — ағаш! Хасан мен Хұсайнға бесік болған — ағаш! Ерге де әйелге де қатер болған — ағаш! Басыңа қарасам төбең көрінбес — ағаш! Төменге қарасам тамырың көрінбес — ағаш! Мені саған асар болса, құлап түс, ағаш! Құлап түспесең, мен үшін жазанды тартасың — ағаш! Сен біздің халқымызға керек едің — ағаш! Үндістаннан алып келген қара құлдарыма бұйрық берсем, ол сені турап, шөпшек қылар — ағаш!», - деді» [5; 29]. «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жырда» да «ағаш» ұғымын кездестіреміз: «Анамның атын сұрасаң — қатты ағаш. Әкемнің атын сұрасаң — қарлары арыстан, өз атым — Арузұлы Бисат», - деді» [5; 96].

С. Қондыбай өзінің «Арғықазақ мифологиясы» еңбегінде былай деп жазады: «бәйтерек — ғаламдық ағаш — мифтік ғалам моделінің бір варианты, оның түбінде киелі (сакралды) процестер өтеді» [6; 476]. «Өсіп тұрған ағаш — тек қана «ғаламдық ағаш» деп атала бермейді; ағашқа қатысты мифологиялық таным берген басқа да мифтік функциялар, тиісінше — басқа атаулар да бар. Солардың бірі — «ғұмыр ағашы», яғни өмірді, тіршілікті сақтайтын, өмірді беретін немесе жарататын ағаш. Бұл да — ғаламдық ағаш, тек басты назар оның «өмір беру» функциясына түсірілген. Сонымен өмір ағашына мынадай қасиеттер мен функциялар берілген.

1. Ол — жаратушы құрсақ, Ұлы-ана. Яғни ағаш ұрғашы әйел кейпіне ие болады.

2. Ол — өмір қоймасы, яғни осы ағашта (бұтағында, жапырағында, т.б.) адамның (жалпы тірі пенделердің) жаны, оларға тіршілік беруші алғыжан (ұрық) сақталады. Ағаш ұрықты (жанды) белгілі бір әдіспен таратады.

3. Ол — өмір уақытының (жалпы уақыттың) тіркеушісі (фиксаторы). Ол кімге қанша уақыттық ғұмыр берілгендігін, қандай тіршілік берілгенін белгілейді, қадағалайды, болған істі тіркеп отырады.

4. Ол — адамның арғы бабасы» [6; 477].

Ағаштар мен өсімдіктер туралы этнопсихологиялық түсініктер түркілердің өмір, кеңістік және уақыт туралы түсініктеріне терең енген. «Ағаш» символы түрік шаманизмінің, мифі мен фольклорының, этнографиясының, халық шығармашылығының өзегі болып табылады. Сондықтан түркі мифологиялық жүйелерін зерттеуде «ағаш» символын түсіндіру ерекше мәнге ие. Ағаш туралы мифологиялық идеялар түрік этнографиясы мен наным-сенімдерінде кеңінен көрінеді. Якуттарда қайың ағашы жер рухының панасы болып саналды. Алтайлықтар ағашты тіршілік иесі ретінде қарастырып, ағаштың рухына сиынып, оны құрбандыққа шалды. «Ағаш» ұғымына байланысты түрік мифологиялық және этнопоэтикалық дәстүріндегі осындай маңызды белгілердің бірі — қалың ағаш. Қалың ағаштың тамыры жер асты әлемі мен өткенді, бұтақтары аспан мен болашақты білдіреді. Ағаштың кеуіп кетуі ұрпақтың өлуін, тұқымның өлуін, ал ағаштың тіршілік етуі, керісінше, өмірді, тіршілікті білдіреді. Қазақ ұлтында да осыған ұқсас ұғымдар көптеп кездеседі, аталған шығармадағы «алып бәйтеректі» соның бір көрінісі деп білеміз.

Теміржол вокзалындағы буфетшіден «сүт қосқан шай» сұраған басты кейіпкеріміз қара шайды сораптап отырып: «Апырмай, осы сатушы атаулы неге бүйтіп кісікиіктенеді екен, деп қайранмын. Бірдеңе сұрасаң болды жаңағыдай шаң-шұң бөлеге қаласың. Нақақтан-нақақ ұрыс естисің... Бұларға жақ ашып үндемеу керек, артық сұрамау керек, жоқ нәрсені әсте сұрамау керек. Алар затыңды ың-шыңсыз, үн-түңсіз ал да, жайыңа кет. Болмаса жылқыдан торы, қойдан жуас мен құсап тып-тыныш отыра қал» [4; 17] деп, сол кездегі сауда орындарындағы тәртіптің, сауда этикасының жоқтығы туралы толғанады. Автор тіліндегі «кісікиіктенеді», «жылқыдан торы, қойдан жуас» деген ұғымдар — таза қазаққа ғана тән ұғымдар.

Қаладағы бір күнін қалай өткізсем екен деп ойланып тұрған басты кейіпкердің есіне ауылда жүргенде қол жетпес армандай болған көркемсурет галереясы түседі де, сонда келеді. Ауыл кітапханасы жаздырып алатын «Огонек» журналында суретшілердің шығармаларының көшірмелері басылып тұратын. Сол суреттер басылған парақтарды жыртып алып жинап жүретін кейіпкеріміз соларды тамашалап, ғажайып әлеммен сырласатын еді. Сол картиналардың өзін түпнұсқадан көру жер мен көктей екі дүние екеніне көзі жетіп, галереядағы тек қазақ көркемөнері орналасқан залда Телжановтың «Атамекенін» тамашалап тұрғанында бұйра бас жас жігіт Нұртаймен танысады. « — Типтік бейне ғой... Суретші ескі мен жаңаның тоғысын, қазақ даласына келген жаңалық лепті бейнелеген, - деп бұйра бас картинада көтерілген тың мен көкжиекте түтіні будақтап кетіп бара жатқан пойызды алақанымен нұсқап өтті» [4; 21]. Нұртайдың бұл сөзі көкірегі ояу, жүрегінде бір ұшқын бар бала екенін аңғартқандай.

Романның келесі беттерінде сол пойыз арқылы қазақ даласына келген «жаңалықтарды» (арақ-шарап сататын дүкендер, парк, сырахана алдындағы қара-құрым кезектер, т.б. көріністер) автор алуан түрлі кейіпкерлер арқылы тәптіштеп бейнелеген. Кезекте тұрған қалың нөпірді топтап суреттеу де, соның ішінен даралап суреттеу де баршылық. Мысалы, арақ-шарап дүкенінің алдындағы адамдардың ішінен *бауыздау құдасы* келіп қалып, арақ алуға келген жігіт ағасының өтінішіне кезектегілер «*қотандарына оқыста ит-құс түсіп кеткендей*, кезектегілер бірінен-соң бірі ырғайттап, қолдарын сермеп, шулап ала жөнелісті» деп сықақтайды. Тағы да қазақи сөз қолданыс, қазақи ұғым. Ал немересі алғаш мектепке бару қуанышын атап өту үшін екі шөлмек алмақшы болған кеудесі орден мен медальға толы ардагердің «үйге дастархан жайған соң шөлмексіз болушы ма еді бұл күнде» [4; 28] деген сөзі де орыс арқылы қазақ даласына келген «жаңалық лебін» аңғартқандай. Сол арақтан азғындаған топтың психологиясын да автор бас кейіпкеріміздің көзқарасымен былай суреттейді: «Мен неге ұқпайын, ұқтым, әрине! Бірақ сол үшін мына көпшіліктің ала тайдай бүлінгеніне қайран болып шегіне бердім. Көздеріне күйік болатындай дәл осы арада мен бұларға не істеп қойдым? Маған мұншалық өршеленгендері несі? Құдды бір қабаған иттер сияқты ғой... Қарғыбауларын шешіп жіберсе — атылып келіп бәрі мені жүндей түтуге бар. Жалғыз саптаяқ сыраға бола өстіп айғай көтеріп адамды нақақ жәбірлеуге бола ма екен! Мен момын шығармын, тіпті көнбіс көк есек шығармын, бірақ бүйтіп намысыма қамшы баса берсе мынау тер сасыған қалың нөпірді қанға бояп барып, қолдарында өлуге әзірмін!» [4; 33]. Осылайша қазақ жігітінің ар-намысты бәрінен жоғары қоятынын, ол үшін өлуге де бар екенін көрсетеді. Кәсіпсіз бос жүрген «*сойдауыттай*», «*соқталдай*» азаматтарды көргенде «бұл сырахана дегенің құдай атқан жер екен ғой!» [4; 33] деп қорытындылайды.

Түрлі өркениеттер тоғысқан қалада, орыс тілді ортада өскен ұрпақтың бойында қазақи ұлттық қасиеттер толық қалыптаспайды, сондықтан да таза қазақи мінезді, болмыс-бітімді қала тіршілігінен емес, ауыл өмірінен, ауыл адамдарынан көбірек байқаймыз. Мысалы, скверде кездескен жалбыр шашты ақын Пернебектің кейіпкеріміз Базарқан туралы айтқан «Абитуриент пе десем, одан гөрі ересектеу көрінесің. Әйтеуір кім болсаң да, бауырым, өн бойыңнан ауылдың иісі аңқып тұр. Аңқып емес-ау мұңкіп тұр» [4; 35] деген сөзі де, ал өзі туралы айтқан «Біз ауылдан адасып қалған қазақтың біріміз. Сосын да шабытымыз шабысты емес. Оқтын-оқтын шабысымыздан жаңылып қаламыз, сүріншекпіз!» деген таза қазақи болмыс-бітім туралы айтқандары романның этнопоэтикалық сипатын айқындап тұр.

Бұл күнде ішкілікке салынып кеткен ақын Пернебектің басындағы жағдайлар — генерал Сағадат Нұрмағамбетовті генерал-полковник деп жазып жібергені үшін цензура «қазақтан ондай генерал шықты деген — саяси қателік» деп тұжырым жасап, жұмыстан қуып жіберуі, дайын тұрған өлеңдер жинағын Ленин туралы, партия туралы, кеңес азаматтарының ерен еңбегі туралы, коммунистік қоғамның жарқын болашағы туралы өлеңдер жоқ деп қолжазбасын кітап етіп бастырмай қою да сол дәуірдің шығармашылық адамдарының басындағы шындық еді.

Басты кейіпкер Базарқанның Забайкальенің ит өлген түкпірінде өткен әскери өмірі лирикалық шегініс арқылы беріледі. Екі жыл әскерде де, бір жыл прапорщиктің оқуында жүргенде де туған ауылын сағына береді. Бірде «самоволкаға» қашып кетіп, оның жазасын өтеуден рота командирі Бауэр деген неміс жігітінің көмегімен эсер құтылады.

Скверде отырған Базарқанға жүз сомға джінсы сататын алаяқ жалтаңкөз жігіт те, аяғын тістеп алатын қара қанден де, оның иесі де, газвода автоматының жалғыз стақанын ұрлап кететін екеу де, су ішуге келген қыз жетектеген әйел де, кезектесіп өтіп жатқан кадрлар сияқты әртүрлі әсер қалдырады.

Сквердегі орындықта ұйықтап қалған абитуриент қызға қарап отырып Базарқан қыздар, махаббат туралы әртүрлі ойға беріледі. Шын ғашықтық дегенді бастан өткермеген ол асқақ та таза махаббат жолында құрбан болғысы келеді. Бірақ ондай заман қайда, олардың дәурені өткен. Ұлы махаббаттар тек күреспен келетініне көзі жеткен Базарқан қыздарды өзінің ауылындағы идеалы Қанағат мұғалимасымен салыстырады да ешқайсысын жақтырмайды. Жалпы ауыл жігітінің махаббат, сүйіспеншілік туралы: «Біреудің жүріп жүрген қызына көз тастап қырындау — сүйекке таңба, кешірілмес күнә, сатқындық. Ер-азамат ондай пендешіліктен жоғары тұруы тиіс, ондай опасыздыққа ешқашан бармауы тиіс. Өйткені жігіттердің баршасы өзінің ауылдастарың, үй іргелес, қой қоралас. Бірі дос, бірі аға, бірі іні. Сенің бөтен ниетіңді соның біреуі болмаса біреуі сезіп қалса — қарабет болғаның, азаматтық беделіңнің жер болғаны, аяққа тапталғаны. Өйтіп масқараға ұшырағанша көзінді құрт, қараңды батыр, ауылдан мүлдемге жоғал. Бұл біздің ауыл жастарының жазылмаған моральдік кодексі болатын» [4; 53] деп қазақ жігітінің махаббатқа деген көзқарасын, ұстанымын білдіреді. Оның дәл осы ұстанымын мейрамханада кездескен қыз Заринаға қатысты әрекетінен көреміз. Бірге келген жігіті

Русланды елемей, Базарқанды қайта-қайта биге шақырып «Сен шығарып сал. Я так хочу!» [4; 81] деп жабысқан қызға ақылын айтып, райынан қайтарады. Ал әскерге кетпекші болып жүргенде ауылға келген қонақ қыз Манараны ұнатып қалып, екі-үш күн кездескен соң, соңғы күні «Манара мені екі жыл күтемін деп уәде берші» деген сөзіне қыз «Сіз жалған сөйлеп тұрсыз. Сіз мені сүймейсіз, сөйте тұра өтірік уәде берген боласыз» деп жігіттің сөзінің бәрі жалған екенін бетіне айтады. «Сіз, ағай, тас санасаңыз, мен құм санаған жанмын. Үш-төрт күн ермегіңізге жараған екенмін, енді мені бүгін үйге қайтарыңыз. Тым болмаса көңілімізде жамандық емес, бір-бірімізге деген әдемі әсер қалсын» [4; 59] деп жігітті қатты ұялтады. Нағыз қазақ қызының мінезі, сөзі осылай болса керек. Көркіне ақыл-парасаты сай Манара Заринадан анағұрлым биік тұр.

Көшеде асықпай жаяулап келе жатқан Базарқан жолда кездескен «Келешегінді қолмен қойғандай айтып берейін» деген сыған қызға алданып, 25 сомынан айырылып, қызды қуамын деп өзі машинаның астына түсіп қала жаздап әзер құтылады. Бұл оқиға да көшеде аңқау ауыл адамын алдап соғатын небір кулар қаптап жүрген сол заманға тән шындықтың бір көрінісі.

Ақыры мейрамханаға жеткен Базарқанның даяршыға «Кеспе көже болса» деп тапсырыс беруі, екеуі біраз тәжікелесіп, «ішімдіксіз болмайды» деген соң «Талас» портвейнін алуы — оқырманның күлкісін келтіретін жайттар. Қала ресторанын көрмеген ауыл жігітінің аузына неге «кеспе көже» бірінші түседі? «Сүт қосқан шай» да, «кеспе көже» де қазақтың көп тұтынатын тағамдары ғой.

Мейрамханаға жайғасқан кейіпкеріміз үстелдерде отырған адамдардың бет-жүзіне зер салып, өзі айтпақшы, «әлдебір типтерді» іздей бастайды. Автор бұл жерде даралап мінездеу, топтап мінездеу түрлерін кеңінен қолданады. Небір типтерді суреттейді. Мысалы, таяу үстелге жайғасқан тарғыл бет еркек пен бадырақ қыз туралы «сырдың суы сирағынан» деп, мына өмірдің серкесі өзі санайтын «шырғасы берік шылқыған дөкей» [4; 66] десе, қызды киген киім үлгісі, «көз арбаған күлкісі қалада өскен кермиық бикеш екенін әйгілеп тұр» [4; 66] деп мінездейді. Немесе қарсы бетке жайғасып жатқан үш еркектің біреуі «қолын олай да, бұлай да сермеп, түкірігі шашырап жараған бурадай жұлқынады... маң далада мал айдап жүргендей» деп сықақтайды. Немесе қарсы үстелге жайғасқан үш келіншекті «бет-жүзін опалап қойқан қаққан үш келіншек» деп алып, олардың абысындар екенін, бір ауданның мықтыларының нақсүйерлері екенін, ауданға келген қымбат заттарды қылдай бөлісіп алудың жоспарын құрып жатқандарын аңғарады. Бұл да қолындағы ақшаңа жақсы зат не киім сатып ала алмайтын, бәрі астыртын сатылатын сол дәуірдің бір шындығы. Кейіпкеріміз Базарқан арқа тұсында отырған төрт жігітті «бәйге атындай аңқылдаған көңілді топ» деп алып, орталарындағы композитор жігіттің шетелден елге қайтарда рұқсат етілген 50 доллары жетпей КСРО елшілігінде қызмет істейтін ағайдан 20 доллар сұрап алып екі кассеталы магнитофон сатып алу оқиғасы, ал Мәскеуге келген соң «сіз 50 доллардан артық зат алуға қақыңыз жоқ, бұл советтік өмір салтына жат қылық» деп тәркілеп алып қалуы сөз болады. Ол қоғамда осындай да сорақылықтар болған. Осылай әркімге сын көзімен қарап отырған кейіпкеріміз бір сәт «Елді мінеген не тең еді, одан да өзіңнің пұшайман халінді ойласаңшы» [4; 73] деп мұңға батады. 24-ке келіп соқталдай азамат болғанша түк бітірмегеніне өкінеді. Кешелі бері «жұмақ қала» Алматыда көргендері мен естігендері кейіпкердің қала туралы пікірлерін айтарлықтай өзгеріске ұшыратады. «Құрысын бәрі, ауылға қайтам! Түтін сасыған мынау қапырық қаладан зерігіп кеттім. Маған қала емес, сайын дала, салқын самал керек. Көкіректі кере дем алатын еркіндік, кендік керек. Қалада жүрген соңғы бір ай менің тынысымды тарылтып, кеудемді қысып жіберді. Барар жер, басар тауымды шектеп, өрісімді қысқартты. Таудан құлап аққан мөлдір бұлақтай сезінуші едім өзімді, енді қарашы, лайланып бара жатқандаймын. Бүйткенше экологиялық тазалығымды сақтап қалайын. Жанның да тазалығын, тәннің де тазалығын...» [4; 83] деген қорытындыға келеді. Өз өмірі туралы ойланғанда қалғып-шұлғып жарты күн партада отыратын мектептегі өмір, ұшқыш болсам деп армандап жүргенде он жылдықты бітірген аттестатын да бермей, Қазақстандағы қой басын 50 миллионға жеткіземіз деп, партия мен өкіметтің саясатын орындау жастардың патриоттық парызы деп көнбесіне қоймай, шопандар бригадасында қой соңында өткен екі жыл өмір, одан кейінгі басында билігі жоқ солдаттық бейшара өмірден кейінгі прапорщиктің алты ай оқуы, армиядан қуылу — осының бәрі «өмірде бір нәрсені қанағат тұтып, әлі күнге тұрақтай алмай жүрген» жас жігіттің өмірі, бас еркі, құқы тапталған өмір. Бұл — сол кездегі кеңестік өмір шындығы, отарлық құлдық сана көріністері. Тіпті мына бір оқиғада ұлттық кемсітушілік анығырақ көрініс тапқан. Ресейде әскерде прапорщиктің оқуын оқып жүргенде кафеде 5-6 жас лейтенанттармен кездесіп қалады. Автордың суреттеуінде «бәрі де аузын үріп, аяғын сыпырып мәпелеп өсірген қаланың бозөкпелері сияқты». Солардың «прапорщик жолдас, бізге қосылыңыз, тост айтыңыз» дегендеріне бұл арақ ішпейтіндіктен келе қоймап еді, араларындағы біреуі «бұл азиат бізді менсінбеді!» десе, Костя дегені «жалпы

азиаттарға әскери форма үйлеспейді... жалпы сізге армия не теңіңіз? Бүйтіп армияны маскараламаңыз, білдіңіз бе?» [4; 96-97] деп намысына тиіп, төбелес шығады. Офицерге қол көтергені үшін армиядан қуылып кете барады. Романда ірілі-ұсақты осындай оқиғалар, оған қатысатын кейіпкерлердің әрекеттерімен қоса, кейбір бейнелер де дараланып көрсетіледі. Мысалы, қыз алдағыш Жандарбекті Базарқан «албастының тонын жамылған адам кейпіндегі хайуан еді» деп суреттейді. Тынық мұхитта теңізші болған Жандарбек бірде Гибралтардың не екенін білмей таңғалдырса, шөпші жігіттер арасында қыз-келіншектің жүрегін арбап алатын «Дон Жуан» жігіт ретінде танылған. Талай қызды алдап жүрген ол бәстесіп торына бұлардың идеал санап жүрген Қанағат мұғалімін де түсіргенін естігенде Базарқан төбелес шығарады. Мұғалималарының бұл ауылдан тездетіп көшіп кетуінің себебі де осы екен.

Ал галереяда кездескен аңқылдаған аккөңіл Нұртай керісінше ата-анасының «үйлен-үйлен» деуімен танысқанына бір-ақ апта болған Жәнияға үйленбекші болып келгенде «бұйдалы ботадай соңыңнан еріп кете береді дейсің бе?», – деп көнбей қойған соң, әкесінен қорыққанынан көрші ауылдың қызы Қарлығашты алып қашады. Бірақ әкесінің «маған зорлықпен келген келіннің керегі жоқ!» деген сөзінен кейін оны апарып тастайды. Соңында бұл екеуі түсіністік тауып қосылады. Романда қазақ арасында кездесетін қыз алып қашу оқиғасы да осылайша көрініс тапқан.

Қорытынды

Бір демде теп-тез оқылатын бұл роман бас кейіпкер Базарқанның басынан кешкен оқиғаларын өз аузымен баяндау түрінде жазылған. Небәрі 24 жастағы жігіттің өмірден көргені, көкірегіне түйгені, алған әсерлері шынайы суреттеледі. Әскерден соң Алматыға келіп, жоғарғы оқу орнына емтихан тапсырып құлап қалғаннан кейін ауылына кетпек болған ол бір күн, бір түнін қалада көшеде өткізеді. Теміржол вокзалына бармақ болып аялдамада 32-автобусты күткенінен бастап түрлі адамдар мен типтермен кездеседі, тілдеседі, бақылайды, өзінше ой түйеді. Аялдамада кездескен насыбайшы ағайдың кеңестік өмір шындығы жайлы *ала құйын заман* туралы, *тамыры иіріген алып бәйтерек*, *бір отар қой* туралы айтқандары осы романда символдық қызмет атқарып тұр. Осы шындық романның өн бойында жеке кейіпкер тағдыры немесе топтың іс-әрекеті арқылы ашылып отырады. Осылайша автор жеке адамның тағдыры арқылы заман, қоғам шындығын ашуға тырысады. Жалпы жазушының сөз қолданысы, тілінде таза қазақи тіркестер, салыстыру, теңеулерге мысалдарды көптеп табуға болады. Кейбір кейіпкерлердің іс-әрекеті, таным-түсінігі де қазақ ұлтына тән мінездер арқылы көрініс тапқан. Мысалы, буфеттен сүт қосқан шай, мейрамханадан кеспе көже сұрау, қыз алып қашу, тағы басқа әрекеттер. Әлібек Асқаровтың «Бір күн, бір түн» туындысында осы сияқты қазақ ұлтының дүниетанымына тән менталитеттің, ұлттық мінездің көріністері кездеседі.

Қазіргі таңда ұлттық әдебиетіміз жанр жағынан да, тақырып пен идея, сюжет жағынан да толысқан. Жаһандану заманында мәдениеттегі, әдебиеттегі ұлттық ерекшелікті зерттеу мәселесі өте маңызды, көптеген ғалымдардың бірқатар еңбектері осы мәселеге арналған. Сондықтан да осы мақалада жазушы Әлібек Асқаровтың романында кездесетін этнопоэтизмдерді, шығарманың этнопоэтикалық сипатын талдауға тырыстық.

Қорыта айтар болсақ, этнопоэтикалық зерттеулер әдеби шығармалардағы ұлттық болмыс, ұлттық мінез, рух пен таным-түсінікті терең тануға жол ашады. Шетелдік әдебиеттану да этнопоэтикалық зерттеулер әртүрлі ғалымдар тарапынан жүргізілген, ал қазақ әдебиеттану ғылымында бұл салаға тәуелсіздік алған кезден бастап ден қойылды. Сондықтан да бұл бағыттағы ғылыми ізденістер әлі де толық зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Захаров В.Н. Русская литература и христианство / В.Н. Захаров // Проблемы исторической поэтики: сб. науч. тр. Петрозаводск: Изд-во ПетрГУ, 1994. — Вып. 3. — С. 5–11. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://poetica.pro/journal/article.php?id=2370>.
- 2 Захаров В.Н. Православные корни русской классической литературы / В.Н. Захаров // Информационный гуманитарный портал «Знание. Понимание. Умение». — 2008. — № 4. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2008/4/Zakharov/>.
- 3 Нұрғали Р. Шығармалары [8 томдық]: Т. 7. / Р. Нұрғали. — Астана: Фолиант, 2013. — 416 б.
- 4 Асқаров Ә. Кешегі күннің хикаясы / Ә. Асқаров. — Алматы: Атамұра, 2008. — 200 б.

- 5 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос / Орыс тілінен ауд. Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 128 б.
- 6 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы: 4-кітап / С. Қондыбай. — Алматы: Дайк-Пресс, 2004. — 504 б.

А.Ж. Абдикадинова

Этнопоэтический характер романа Алибека Аскарова «Один день, одна ночь»

В статье речь идет об этнопоэтике, относящейся к одной из областей поэтики, возникшей на стыке нескольких наук. В современную эпоху глобализации проблема сохранения национальной идентичности является актуальной, поэтому автор стремилась изучить это направление и рассмотрела национальную специфику в художественном произведении. С этой целью освещены такие вопросы, как национальный дух, мировоззрение, менталитет, характер, воспитание, ценности. Кроме того, приведены мнения ряда ученых относительно национального характера литературы. На основе статьи определен этнопоэтический характер романа писателя Алибека Аскарова «Один день, одна ночь». В литературном произведении научно проанализированы казахские словоупотребления и специфические особенности народного познания. Наряду с этнопоэтическим характером произведения, отражающим национальную идентичность, продемонстрирована реалистическая сторона, отражающая реалии времени.

Ключевые слова: литературоведение, теория литературы, художественное произведение, поэтика, этнопоэтика, роман, проза.

A.Zh. Abdikadirova

Ethnopoetic character of Alibek Askarov's novel «One day, one night»

This article will focus on ethnopoetics, which belongs to one of the fields of poetics that arose at the junction of several sciences. In the modern era of globalization, the problem of preserving national identity is relevant, so the author sought to study this direction and considered the national specifics in the work of art. This article highlights such issues as national spirit, worldview, mentality, character, upbringing, values. In addition, the opinion of a number of scientists regarding the national character of literature is given. Based on the article, the ethnopoetic character of the novel by writer Alibek Askarov «One Day, one night» is determined. The literary work scientifically analyzes purely Kazakh word usage and specific features of folk knowledge. Along with the ethnopoetic nature of the work, reflecting national identity, the realistic side, reflecting the realities of the time, is demonstrated.

Key words: literary criticism, literary theory, fiction, poetics, ethnopoetics, novel, prose.

References

- 1 Zakharov, V.N. (1994). Russkaia literatura i khristinstvo [Russian literature and Christianity]. *Problemy istoricheskoi poetiki — Problems of historical poetics: sbornik nauchnykh trudov* (Vol. 3). Petrozavodsk: Izdatel'stvo Petrozavodskogo gosudarstvennogo universiteta. Retrieved from <https://poetica.pro/journal/article.php?id=2370> [in Russian].
- 2 Zakharov, V.N. (2008). Pravoslavnye korni russkoi klassicheskoi literatury [Orthodox roots of Russian Classical Literature]. *Informatsionnyi gumanitarnyi portal «Znanie. Ponimanie. Umenie» — Information humanitarian portal «Knowledge. Understanding. Skill»*, 4. Retrieved from <http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2008/4/Zakharov/> [in Russian].
- 3 Nurgali, R. (2013). *Shygarmalary [Works]* (Vols. 1-8; Vol. 7). Astana: Foliant [in Kazakh].
- 4 Asqarov, A. (2008). *Keshegi kunnin khikaiasy [The story of yesterday]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 5 Qonyratbayev, A. Baidildaev, M. (Trans). (1986). *Qorkyt ata kitaby. Ogyzdardyn batyrlыq zhyrlary [The book of Korkyt Ata. Heroic poems of the oghuzs]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 6 Qondybai, S. (2004). *Argyqazaq mifologiasy [Mythology of proto-Kazakh]*. (Vols. 1-4; Vol. 4). Almaty: Dayk-Press [in Kazakh].